

**"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасын іске асыру аясында жастар практикасын ұйымдастыру туралы"**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы N 374 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 20 қыркүйекте N 10-8-153 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы N 6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012.01.20 N 6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5, 7, 18-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі N 581 "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 1, 5, 8 баптарына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Бизнестің жол картасы -2020" бағдарламасын іске асыру аясында жоғарғы оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің кәсіби мамандыққа диплом алған түлектердің біліктілігіне сәйкес жұмыспен қамтуды ұйымдастырсын.

2. Жұмыспен қамту төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылсын:

1) диплом алған жұмыссыз жастар "Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) қажеттілікке сәйкес талап етілетін біліктілігі бар түлектерді ұсынған жұмыс орындарына жіберілуі;

3) түлектің жасы 29 жасқа дейін болуы.

3. Жұмыспен қамту органы және жастар практикасына жіберілетін түлек жастар практикасын өту туралы екі жақты шарт жасалуы 6 айға дейін.

4. Диплом алған жұмыссыз жастардың тәжірибесі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмайтын бизнес кәсіпорындарында ұйымдастырылады.

5. Қатысушылардың еңбегін төлеу республикалық бюджеттен 26000 (жиырма алты мың) теңге мөлшерінде қаржыны олардың дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырылады. Жастар практикасының қатысушыларына еңбек заңнамасы,

зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру туралы заңнама  
қ о л д а н а д ы .

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е.  
Ә ж і к е н о в к е ж ү к т е л с і н .

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Тауипбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК